

Түркістан облысы ДСБ
ШЖҚ «Облыстық офтальмологиялық ауруханасы» МҚҚ
жалпы жиналышының
№8 хаттамасы

Шымкент қаласы

11.03.2024 жыл

Катысқандар: аурухана қызметкерлері

Облыстық офтальмологиялық ауруханасының заңгері, комплаенс-офицері Ж.Мусабекова сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сактау мәселелері бойынша 2024 жылғы жоспарына сәйкес, I-тоқсанға белгіленген тақырыптары бойынша аурухана қызметкерлеріне келесідей түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары және мақсаты мен міндеттеріне тоқталып өтті.

«Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 50-бабына сәйкес, Сыйбайлас жемқорлық қылмыстарды жасағаны үшін белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру міндетті түрде тағайындалады және мемлекеттік қызметте, судья қызметін, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде және оның ведомстволарында, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органда, мемлекеттік ұйымдарда және квазимемлекеттік сектор субъектілерінде лауазымдарды атқаруға өмір бойына тыйым салудан тұрады. Сондай-ақ сыйбайлас жемқорлық қылмыстарды жасаған жағдайда ауырлығына қарай ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексіне және Қылмыстық Кодексіне сәйкес, айыппұлдан бастап, мүлкі тәркіленуі және бас бостандығынан ауырылуға дейінгі қылмыстық жауаптылыққа тартылуы мүмкін. Бұл туралы ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 676-бабында Жеке тұлғалардың мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғаларға немесе оларға теңестірілген тұлғаларға заңсыз материалдық сыйақы, сыйлықтар, жеңілдіктер беруі не қызметтер көрсетуі, егер бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, –екі жұз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп

соғады, атальыш кодекстің 681-бабына сәйкес, мемлекеттік органдар, мекемелер мен кәсіпорындар басшысының бұрын сыйайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдарды жұмысқа қабылдауы – бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуга әкеп соғады, бұл деген Сіз сыйайлас жемқорлық қылмыс жасаған жағдайда Сізді еш жер жұмысқа қабылдамайды деген сөз, сонымен қатар, 439-бабына сәйкес, сыйайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізетін органға сыйайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы көрінеу жалған ақпаратты хабарлағаны үшінде келесі айыппұл тағайындалған: жеке тұлғаларға ескерту жасауға не жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салу.

ҚР Қылмыстық Кодексінің 366-бабында «пара алу», 367-бабында «пара беру», 368 –бабында «Парақорлыққа делдал болу» - бас бостандығынан айыруға дейін баратын жазалар түрі накты көрсетілген.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 65-бабына Сыйайлас жемқорлық қылмысты алғаш рет жасаған адамды тек қана сот шынайы өкінуіне байланысты болса ғана қылмыстық жауаптылықтан босатуы мүмкін.

Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұксан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына себеп болады. Салауатты, таза және сау ортаны ұстанып, тыныс-тіршілігін тарылтатын, заңсыз әрекеттермен қоғамдық ортаның және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, дара кәсіпкерлердің, азаматтардың қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті дерпті болдырмаудың тетігі мына өзімізде. Бұл дерптің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеуміз керек. Ол үшін қарсы атсалысып жұмылудымыз қажет. Сонда ғана ел мүддесі үшін зор үлес қосатынымыз және халық сенімінен шығатынымыз анық. Ендеше жемқорлықты жоюды мақсат еткен барлық қауым заңнамалардың талапқа сай орындалуына мүдделілік танытуға міндетті.

Жиналыс төрағасы

Хатшы

Ч.Сеілбеков

А.Ташенова